





КӨП ЖЫЛ
ӨТКЕН СОҢ

(РОМАН)

Суретші И. ИСАБАЕВ

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1967

БІРІНШІ БӨЛІМ

АҒАЙЫНДЫ ЖҮНІСОВТЕР

Жайық алқабының көктемі ала-бөле жарқын келеді: жұп-жұмсақ қоңыр ала бұлттарды баяу жел ақырындап ысырып әлдеқайда асырып жатады да, көкек айының өзінде-ақ дерткен жер күн нұрына балқыған сайын шөп түгі тұтамдап өсіп жүре береді. Дөнес біткенді қара бұйра жусан бүркейді: ылдиды көк бидайық пен түбіттей қалың бетеге жауып кетеді. Ал, қырат біткенді өрмелей балқурай бойын жазып, еркек басын жарған кезде албыраған ақ раушан гүлдерге асылып көк көбелек шарқ ұрады; сол шақта төскей-төскейден балмағыз атқан илан иісі аңқиды, самал желпіген сайын киік оты мұрынды қытықтайды. Сөйтіп көктемгі дарқан дала хош иісіне еліктіріп бойың мен ойыңды бірдей билейді. Әсіресе ертеңгі мезет өзгеше: сағым құшақтап, самал жел теңселткен сұлу сақыраны тас төбеге шығып алып ұршықша иірілген боз торғай бейнебір әлдилеп тербетіп тұрғандай көрінеді...

Осындай бір қырдың сән-салтанатқа бөленген шағында үлкен қара жол үстінде фаэтонға қос қара көк ат жеккен жолаушылар кетіп бара жатты.

Жол табаны тақыр да шаңсыз еді. Жеп-жеңіл солқылдақ фаэтонның жұмсақ шинді дөңгелектері зырлап бара жатқанда болмашы ғана тозаң жоғары көтерілмей, ақжіптеніп қана шөгіп жатыр, аяғын шеңгелдеп тастап пәрмен шоқырақпен келе жатқан пірәшкедегі жұмыр қара көк те шаң көтерер емес — ол жолдың жалды жиегінен әрі шөпті тепсеңмен төпеп келеді.

Ұзын жол үстінде не көп — жолаушы көп қой: арбалы да, жаяу да, кәрі де, жас та ағылып жатады, бірақ бұл жүргіншілер өзгеше: аттары мен фаэтонына да, оның үстіндегі адамдарына да кездескен жан бір көз тастап қаларлық.

Арбада үш кісі отыр, оның екеуі артта, біреуі алдағы козлада. Бұл козлада отырған делбешіге онша лайықты емес — кейінгі екеуі сияқты бұл да мұнтаздай орысша киінген — басында қара қалпақ, үстінде сұр шекпеннен тіктірген гимнастерка, галифе шалбар, аяғында хром етік. Оның үстіне және осы өлкенің қожасы бір ғана өзі сияқты, сұлу қара мұртты шиырып тастап, шекесінен

қарайды, онсыз да ұшып келе жатқан аттардың делбесін кере тартып қойып, іркуге мұрша берместен қағып-қағып жібереді.

Аттар серіппедей жазыла түсті: сонадайдан көрінген белбелестер ұршықша үйіріліп, ә дегенше-ақ артта қалып жатты.

Жүрдек ат пен жүйрік тазының жайын біреу айтса кешке шейін жалықпай тыңдайтын, ал өзі айтса бой бермей таң атқанша күжілдейтін бұл делбеші қазақ қос қара көктің жүрісіне аса риза болып кетті. Оның үстіне көктемгі өңді даланың сәнді түрі көзін тербетіп, самалы жанын желпи түсіп шаттық әсеріне бөледі де, ішіне сыймай келе жатқан сыр-сезімін ақтаруға асықты. Ақтармасқа бола ма! «Қарауға көз керек, сүмбідей керілген, бір түсті, бір тұрпатты қара көк аттарды жалтыраған қара фаэтонға кім болса сол жегіп жүре ала ма? Ал аты мен фаэтонға пар мына отырған патшаның баласындай екі жігіт ше? Біреуі нағыз... мықтының мықтысы! Бүкіл уездің үстінен қарайтын пыркерел ол! Ал, екіншісі — қазақ баласы аяғын аттап баспаған, сонау Мекеден де алыс, Құддыс шаһарынан да сұлу қаладан оқып қайтты. Екеуінің пормасын қарасайшы, Петербордан келген жылғы кәдімгі Шұғылдың Ықыласынан да сымбатты! Ықылас емес-ау, Жанша ханыңның өзінен де мығым, құдды сұлтандар секілді...» деп ойлап делбеші көтеріле түсті. Сөйтті де лықсып ішке сыймай келе жатқан ойды айту үшін аттан бастап:

— Қанаты бардай-ақ жерге аяғы тимей келе жатқан жоқ па, а? Айыбы тек мыңғырған байдың малы демесен, жануар екеуі де қыл құйрықтының жүрдегі! Тұлпар, белкүллі тұлпар! Айшылық жолды алты басатын жез тұяқ! Жаман ағаң атты таба да біледі, айдай да біледі-ау өзі. Солай ма, балдар? — деді ол арт жаққа қарап.

Күймесін кері қайырып тастаған фаэтонның жайлы жұмсақ арқалығына сүйеніп шалқайыңқырап отырған екі жігіт езу тартып біріне бірі қарады да, көңіл күйі кемерінен асып келе жатқан делбешіге мақұлдағандай, бастарын изесті. Бірақ жә аттардың жүрісіне, жә делбе ұстау шеберлігіне бір ауыз болса да мақтау лебіз күткен делбеші екі жігіттің үнсіз ғана бас изегеніне көңілі-көншімеді. Ол тағы да атты сылтау етіп:

— Ө жез тұяқ, көсіл, көсіліңкіре! Жүре алмасаң саған серт, жүргізе алмасам маған серт! — деп шеткі атқа шү-

йіле түсіп, енді өзін қошеметтеуге бет бұрды.— Қалай, балдар, ағаң атты айдай ала ма? Есек жеккен адамдай ілбітіп осындай аттармен жұрт ара қонып барады, мен сендерді қалаға ел орынға отырмай-ақ жеткізейін.

— Жеткізесіз, Сүлеке, жеткізесіз. Мына жүріспен сіз Қызыл үй түгіл бүгін Қаратөбеге де құлап кетерсіз, тым қатты айдаймын деп аттарыңызды зорықтырып алып жүрмеңіз,— деді отырған екі жігіттің үлкені, ақыл берерлік салмақты пішінмен.

Делбеші оның пішініне назар салмастан еңсесін көтеріңкіреп алып, бүлдіргесін білегіне кигізіп, шыбыртқы ұстаған оң қолымен қара мұрттың миығын шиыршықтай түсті.

— Семізден ұстап жеккен тоқ ат дейсің бе, қарағым-ау, зорығу қайда, біреу қайда! Жем жеп, бір шек болып қамшыдай қатып алған жануарлардың сілтеуін көрмейсің бе! Бұл аттар екі жүз шақырым жер жортсаң да танауын қақпайды. Ал, біздің Қызыл үйге дейін небары жүз отыз-ақ шақырым, оның үстіне күн де қағу, жол да тақтайдай, қыза-қыза келгенде екіндіге шейін де құлап кетерміз әлі. Белкүллі, солай емес пе, ә?

— Сүлекең желпінді...

— Сұрама, шалқып келеді.

— Мына аттардан басқа малы бар ма Сүлекеңнің?

— Мына аттардан басқа дейсің бе?.. Мынадай ат-арбасы болса Орал түгіл Орынбордан бір-ақ шықпай ма Сүлекең! Арба да, ат та Нұрыш ағандікі ғой,— деді салмақпен сөйлеп келе жатқан екеудің үлкені.

Сырт пішіні бір-бірінен аумаған бұл екі жігіттің кішісі таңданған пішінмен:

— Сүлекең ағай әлі байи алмай келе ме? — деді козладағы делбеші естіп қалар дегендей сыбырлай сөйлеп: — әлі күнге сауынға сиыр, минуте ат сұраумен келеді ғой, шамасы,— деп қойды.

Үлкені оған:

— Ағаңның өзінен сұра, бұл жайды ол өзі жақсылап айттып береді,— дей салды.

Фаэтонда отырған бұл үш адамның делбе ұстағаны: «Ақ Жайық» хикаясында кездесетін Сүлеймен еді де, ал артта отырған Хакім мен оның өзіне тетелес інісі Әлібек болатын. Әлібек алыстағы астана қаладан жаз демалысқа келе жатқан оқушы болса, Хакім жаңада ғана уездік прокурор болып тағайындалған-ды. Бірі үлкен әкім, бірі

үлкен оқу оқып қайтқан білгіш; туысқандарын губерниядан уезге алып келе жатқан ақжарқын Сүлейменнің бала көңлі Шалқар көлінен де жалпақ, кемерінен асып тасқындап келе жатыр еді.

Табаны ойылып, шаңы молаймаған көктемгі қарабұйра жолмен желгіш көктер зырлай берді де, Сүлеймен ойын жеделдете түскендей болды. Күн де қағу еді.

«...Пыркарол! Қазақтан пыркарол болған жалғыз Жанша. Онан басқа пыркарол бола алған қазақ баласы жоқ еді, енді мына біздің Хакім болды. Әй, біз де осал емеспіз-ау! Жоқ, осал емеспіз!..» Сүлеймен кеудесін көтере түсті де, әлде не бір ойға шомып отырған арт жақтағы Хакімге жалт қарады. Сөйтті де өз ойына өзі шүбәланған адамдай:

— Хакімжан, біздің қазақта осы Жаншадан басқа пыркарол болған адам бар ма? Бұрын деймін-ау... Қазір міне өзің болдың ғой. Меніңше осы екеуіңнен басқа, белкүллі, ешкім пыркарол бола алған жоқ. Әлбетте бола алған жоқ. Қайдан бола алсын. Пыркарол болу үшін мына сен сияқты алты да алты — он екі жыл, тағы екі жыл, не бары атандай он төрт жыл оқу керек. Солай емес пе, ә? — деді.

Хакім оның бұл сұрақты неге қойғанын бірден ұқты.

— Сүлеке, Есенгелдіден сыңар тайың ғана кем болып келе жатыр-ау деймін, ә? Бұл ат айдауыңнан да, иығыңды көтере түсуіңнен де, қалпағыңның етегі едірейгені былай тұрсын, оны жел ұшырып кетерлік етіп қоқырайта кигеніңнен де көрініп тұр, — деп күлді, — мені хан Жаншаға теңің келеді ғой, солай ма?

— Неге теңемейін, өзің сондай болсаң! Оқуың да сонан бір елі кем болмаса! Теңеймін, екеуіңнен басқа кім болды пыркарол? Болса айтшы кәне, айта алмайсың. Түк айта алмайсың. Айтар едің, бірақ басқа жоқ. Есенгелдіден сыңар тайың ғана кем болып келе жатыр дейсің. Тура бір тайым ғана кем. Кешегі өзімнің Текеден оқу бітіртіп алып қайтқан Хакім, бүгін пыркарол болса, менің кім болғаным! Есенгелдіден бәлкім бір тайым артып та кеткен шығар! Он мың тайдан басқа онда не болды дейсің. Ол жау алғырды бір жау қуса бітті ғой, тіпті жау алмай-ақ кешегі жиырма бірінші жылғы жұт кездесе Есенгелді не істер еді? Құрығын сүйретіп жаяу қалар еді. Он мың тайдың құны бір жұт, — деді атшы ойын әб-

ден нықтап армансыз дәлелдеген жанша, мұртын бір сипап өтіп. Хакім орнынан көтеріле түсті.

— Айтқаныңыздың, Сүлеке, бәрі рас. Жалғыз-ақ бір жері теріс. Ол мынау: бұрын Жаншадан басқа қазақта прокурор болған адам кездеспесе, енді ондай прокурорлар біздің Қазақстанда жиырмадан астам. Сіз Ғаббасты білесіз бе? Губерналық прокурор, кәдімгі Жетпістің Ғаббасы. Ол Жаншадан әлдеқайда құдіретті. Бүкіл губерна қол астында заң бақылаушы. Ал Жанша дегеніңіз округтік сотта прокурордың серігі ғана болған кісі және Жаншаның бақылаған заңы басқа — ол ақсүйектердің, байлығы асқан купестердің, қазақ-орыс атамандарының шығарған заңын жүзеге асырды. Ал, біздің прокурор мына сіз сияқты кедейлердің, еңбегімен күн көрген шаруалардың жоғын жоқтайтын прокурорлар. Мұндай прокурорлар Семейде, Қызылжарда, Ақмолада, Жетісуда, Торғайда, Ақтөбеде — Қазақстанның барлық жерінде бар. Сондықтан мені Жаншаға теңеуіңіз теріс. Менің лауазымым кіші болғанмен, істейтін ісім зор — ерікті халықтың қамын көздейтін заң.

— Рас айтасың ба? Қазақтан соншама көп пыркарол шықты ма?

— Ақиқат... Барлық губернада губерналық прокурор бар, барлық уездерде де уездік прокурор қызмет істейді.

— Хакімжан, мен сенің Жаншадан да ұлығырақ болғаныңа қарсы емеспін. Жаншаның ұлықтығынан маған тиген пайда аз. Және өзін де бір-ақ мәртебе көрдім — ана жылы күздігүні. Шұғыл қажының үйіне Ықылас ертіп келгенде көрдім, онда да бір шақырым жерден, көлден құс атып жүргенде көрдім. Ал сен болсаң мына қасымда отырсың, сенің онан да ұлық болғаның керек маған. Илаһи бол! — деп атшы құшырлана түсіп аттың делбесін қағып-қағып жіберді.

Өз ауылынан аулақта жүрсе де ел шаруаларын күнде көріп, сөйлесіп жүрген Хакім Сүлейменнің шағын ұғымына таңданған жоқ. «Кешегіден бүгін тәуір, прокурор деген сөзді білгеніне, оның және мағнасы зорын түсінгеніне ризамын. Өмір әлі онан да қиынын үйретер, енді бір он жылда ат емес, машинаның құлағын да ұстар біздің Сүлекеңдер. Әй, өзі де бала сияқты емес пе. Тура балаша мақтанады, менің прокурорлығыма, Әлібектің алыста

оқығанына төбесімен көк тірегендей мәз» деп ойлады ол.

— Есіттің бе, ағаң сөзін: «Жаншадан да ұлығырақ бол» дейді. Қазекеңнің ұлықтық несін алған десейші...

Хакім сөзін аяқтап үлгірмеді, айқайлап ән салатын адамша інісі орнынан көтеріле түсіп, басындағы кепкасын оң қолына алды да:

— Дүниеде не сұлу дегенде ғараптың бір ақыны: көк орай шалғынды дала сұлу, сылдырап аққан су сұлу және жар сұлу деген екен. Сол сұлу далам мынау ғой! — деп көтерген қолымен алысты орай көрсетті.— Бәрі үйреншікті, бәрі ыстық жерлер, бәрі жүрекке жылы суреттер. Қараңызшы. Тағдырдың мейрімсіз құшағында дегеніне жетпей арманда өткен Бекей мен Маулананың бір кезде қол ұстаса жүгіріп байшешек терген кербез көлінің әсем жағасы! Жаңағы Сүлекең айтқан тайы ғана он мыңнан астам дәулетті Есенгелдінің мына тұрған Бұрғымашы! Анау шөгіп жатқан ақбас атандай Сынтас тауы! Анау даланы шимайлап аққан қос Аңқаты! Анау етегін сағым ораған Сырымшыққан! Ана жак — шаттауығы жүректей Мың шұқыр! Анау балығы тайдай тулаған Шалқар көл! Қараңызшы, осыдан көркем жерді қайдан табасың! Асық ойнап шарқ ұрған, бәйгіге шауып, жамбы атқан, аударыспақ ойнаған, суына шомылып, көгіне аунаған даламнан ыстық не бар!

Хакім лекіте сөйлеген інісінің жүзіне қарай қалды. Ауған жоқ өзіндей. Бұдан он жыл бұрынғы тап өзінің сүмбідей сымбатты бойы, әрі тұнық, әрі тымық, жел теңселтпеген ертеңгі айдыңның бетіндей мөлдір жүзі, жібектей қоңыр шашы, желдеген киіктің танауындай желбезегі едірейе қалған сүйкімді қырлы мұрны, қиығы сүйріктенген өткір көзі, маңдайы, құлағы — бәрі көз алдына тартылды, бейне бір айна алдында тұрған адамдай, өз сипаты елестеп кетті. Хакім сәл уақыт көз тоқтатып, жас студенттің әлденеге құмартқандай аздап жоғары түрілген жұп-жұқа ерніне қарап тұрды да:

— Елді, жерді сағынған екенсің... Мен де бір кезде тап сендей, сенің осы күйіңдей, айнала көз тоймастай қарайтынмын, қырды көзіммен жейтінмін. Болады ондай кездер! Қалай, қалай дедің? «Ақбас атандай Сынтас тауы, шимайлап аққан қос өзен» дедің бе? Ой кішкене романтигім, ой кішкене қиялшылым-ай! — деді күлімсіреп.

Хакім жас кезінде екі інісінің екеуін де, әсіресе көп сөйлемейтін жұмсақ лебізді, өте жұмсақ, өте жуас Әлібекті айырықша жақсы көретін. Ал, қазір Әлібек ағасына тап сол жас кезіндегідей сүйкімді көрініп кетті, ол сүйіп алғысы келіп құшақтай түсті де, бөгеліп қалды, сүймеді.

— Мен романтик емеспін. Мен өзгеше көрікті жерімді, жерімнің суретін жақсы көремін. «Шөгіп қалған бір тайлақ жардай атан болған жер. Жатып қалған бір тоқты — мың қой болып өрген жерімді» әсірелеймін. Аркада Бурабайымды, Жетісуда Алатауымды, батыста Жайығымды мақтаймын. Мақтаныш етем, әнге қосам, күйге салам...

— Сал, сал! Мақтаныш ет. Оның жақсы. Бірақ асырып айтпасаң тіпті жақсы.

— Асырған жоқпын. Қай жерін асырдым. Жерімнің көдесінің түбі сайын бір жылқы екені өтірік пе? Осы да асырған ба? Ана жатқан ұшы-қиыры жоқ жылқы бұлай деуге сыймай ма? Бұл романтика емес, асырып айту емес. Бұл қайта жеткізіп айта алмау.

— Көдесінің түбі сайын бір жылқы, Қарақыпшақ Қобланды тұлпар мініп желген жер дегің келе ме. Ол өткен заман ғой.

— Сары аға, сен басылып бара жатырсың. Күнбе-күнгі өмірдің шабан көгіне жайдақтап асылып, кіш-кіштеп мал қайырған кәрілерше, дүниенің бәрін қарапайым жағынан алып қарайсың. Өткен күн дейсің, қазіргі күн сол өткеннің жалғасы емес пе?! Мен әкемнің, әкем атамның баласы емес пе? Бүгінгі өзен кеше де, онан бұрын да, жүз жыл бұрын да тап осылай ақты ғой. Бұрынғы жер, тап қазіргі жердей, бұрынғы байлық мына жатқан байлықтың басы.

— О-һо! Құр ғана романтик емес, романтик-философ екенсің ғой. Бірақ айыра білу керек: кешегі мен бүгінгінің арасы таудай.

— Тек көзге ғана, көңілге ғана таудай. Андап қарасаң титтей айырмасы жоқ. Баяғы Сынтас тауы әлі сол күйінде, жұмбақ күйінде, бейне бір шөгеріп тастаған акбас атан тәрізді, қимылсыз жатыр. Бірақ әлі сол әдемі күйінде, айбарлы күйінде, көңілге жақын күйінде, ыстық күйінде жатыр. Ана жатқан Ханкөлі де тап сондай, мұнан жүз жыл бұрын да бұйдаығы белуардан, көктемде үйрегі мен қазы жыртылып айырылып, тап мына бүгінгі

сияқты, бейне бір жәрменкедей думан-тойын өткізіп жатпады дейсің бе. Енді жүз жыл өткен соң да тап осындай, осы қалпында қалуын тілер едім...

— Қара Мәмбеттен асқан шешен болды ма, Хакімжан, айтшы, сен көп білесің ғой? Менімше болған жоқ,— деп осы арада Сүлеймен де әңгімеге араласа кетті.

— Оны қайтейін деп едің, Сүлеке? Талай шешендер өткен шығар, кім біледі, онан асқаны да көп болуы мүмкін. Қара Мәмбет ертеде өткен сөзуар жан екені де рас. Қара Мәмбетті жұрт Сақау Мәмбет деп те атайды ғой.

— Не деп атаса о деп атасын, бірақ та, әлбетте, деп айттайын, одан сөзді келістіріп айтатын адам болмаған. Мен мына Әлібекжанның сөзін тыңдап отырдым, тура Қара Мәмбеттің өзіндей, өзіндей емес, артық. Мәмбет қуақы сөзге ғана шебер болған, ал біздің Әлібекжан, бар жағынан шешен, аяқты нық тастайды, жердің сипатын көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай дәл айтады. Даладан сұлу нәрсе жоқ, соны аса келістіріп айтады.

Хакім Сүлеймен мен інісіне кезек қарады. Екеуі де жан танымастай өзгеріп кеткен, әсіресе мінездері өзгеше: бірі атқа, арбаға, әкім туысқанына мақтанып, бүкіл қозлаға әрең сыйып отыр; дүниеде өзінен бақытты адам жоқтай, өзінен ірі, өзінен мықты жан жоқтай шіренеді. Ал екіншісі онан да әрі... Ол өз басын мақтаныш етпейді, бүтін жер мен суды, тіпті бар әлемді ән мен күйге толы, айнала жыр, айнала сән-салтанат деп ұққандай, алып ұшқан қиял, сезімге бөленіп келе жатыр. Бұл Әлібектің сөзінен де, суға түскен адам сәулесіндей, оның шаттық нұры төгілген жүзінен де көрініп тұр. «Көп жылдар бойы сирек көріп, сирек әңгімелесіп, байқамай қалған екенмін, адам мінезі күрт өзгереді екен ғой. Кезі келгенде Сүлекең мақтана салудан бұрын да құр алақан емес еді, қазір бұл мінезі өте-мөте көзге түсетін дәрежеге жеткен екен. Ал, Әлібек... өлең жазады деп еді, әлгі ақын айтқан: «Гасанды кәлимолла маған берсең, жүзігін Сүлейменнің қолға кисем...» деп дүниені қиялымен буып-түйіп алған ба, қалай? Қызық! Өмір тез өзгертеді адамды, кешегі салбыр ат, сабау қамшы Сүлекең, бүгін өзі совет, өзі қожа, қалаған атын жегіп, қалаған жеріне барып, өзіне де риза, өзгеге де риза. Риза деп қоярсың ба, төбесімен көк тіреп келеді» деп ойлады Хакім, көзінің қиығымен күліп.

Жолаушылар тізгін тежеместен сары желіспен жүріп

отырып Оралдан қырық шақырымдай жердегі Шолак Аңқатыға жетіп қалды.

Аяқ өткелі бар жарқабақты кішкене өзеннің жағасы жым-жылас — доғарып ат суарып, арбасын майлап, қайта жегіп жататын жүргіншілерден тап сол кез толас екен. Қия жолмен түсіп келе жатқан бұлардың алдынан тек қана сыңар шелекпен өзеннен су алып шыққан жар басындағы жалғыз үйдің әйелі қарсы кездесті. Ежелден әзіл-қалжыңға құмар Сүлеймен әйелді көре сала:

— Уа, балдыз, аман ба! Аман-есен тұрсындар ма! — деп әйелді өзіне қаратты да, арбадағыларға бұрылып: — жолымыз болады екен, алдымыздан мына балдыз су алып шықты ғой, — деді.

— Сүлеке, бұл қай балдызың? — деп сұраған Хакімге, делбеші:

— Әйелімнен кіші қазақ қызының бәрі маған балдыз ғой! — дей салды.

Амандасар-амандаспасын білмей «бұл кім еді?» деп аңтарылып қалған әйел, жар басында ұзақ тұрып, бұларды қиядан төмен түсіп кеткенше көзімен ұзатты. «Шырағым-ау, бұл кім еді?» деп тіпті үйіне жеткенше артына әлденеше рет бұрылып қараумен болды.

Аттарының делбесін аса тежеместен лекітіп келген Сүлеймен жар астына түсіп те кетті. Қайдағы қыр, қабақты мекендеп, күндіз шөке-шөленнің түбінде бұғып отыратын даланың құлағы ербиген бір боз жапалағы прашкедегі кішкене қара көктің дәл аяғы астынан жалп етіп ұша жөнелді. Аңсызда боз жусан түбінен пыр етіп көтерілген боз торғайдан да үркетін бұл елгезек жануар жапалақтан үркіп жалт беріп, жолдан шыға жөнелді.

— Мәссаған, занталақ! — деді Сүлеймен делбесін қос қолдап шірене тартып.

Бірақ прашке көк тертедегі аттың алдын орай, бой берместен бұрмалап келіп жолсыз жерден суға еніп кетті. Қайрақтай сары табан жолдан шығып кеткен аттар екпінмен омыраулап, тізеден келетін май сазды бауырдай тіліп, өзеннің арғы бетіне қарап ұмтыла берді, су асты-үстіне шығып қою қара көк лайға айналып кетті. Өзеннің бұл тұсы едәуір енді болғанмен де өте таяз, ат бауырына жетер-жетпес еді: бірақ асты ұйыма екен, арбаның артқы дөңгелектері күпшектеп, ал алдыңғы дөңгелектер бейне бір желді күнгі қармақтың қалтқысындай қылтылдай бастады.

Хакімнің ойына басында: «арбаны кілт бұрып кішкене қара көк төңкеріп кетпесе игі еді» деген күдік келіп еді, енді ол аттарды «бұл көк саздан алып шыға алмас» деп қауіптенді. Оқыс іс пен кездейсоқ қызыққа әуестене қалатын Әлібек бетіне балшық шашырағанына қарамас-тан су мен саздың қою ботқасының түбінде алтын жатқандай төмен үнілді. Ол аттардың алып шығар-шықпасын ойлаған жоқ.

— Үркегін көрдің бе, жаман неменің, ал сүйре енді мықты болсаң! — деп Сүлеймен астына басқан шыбыртқыны суырып алып, кішкене қара көкті осып-осып жіберді.

Шыбыртқының қызуымен көк ат оқыс ұмтылып пастромкені шарт үзді де, тертенің алдын орай, бұлаң етіп бос шығып кетті. Бар жүк бір өзіне ғана қалған үлкен көк ат бірер ұмтылып, ол да тоқтай қалды. Үш адамымен қоса дөңгелектері күпшегіне дейін сазға оппалаған фаэтонды сүйреп шығуға оның күші де жетпеді және оның үстіне прашке көк көлденеңдеп жолын бөгеді.

Арбадағылар бір сәт үнсіз қалды. Кінәның бәрі бір өзінде екенін жақсы түсінген тек атшы ғана күбірлеп, әлде белеңі бар атын балағаттады ма, әлде көпірсіз өзеннің осындай шырғалы мол аяқ өткелін сөкті ме, әйтеуір, ішінен миңгірлеген күйі аяқ киімін шеше бастады. Кешікпей шалбарының балағын көтере түріп ол арбадан түсті, пірәшке көкті шегіндіріп әкеліп үзілген пастромкені жалғамақшы болды. Бірақ қамшыдан шошып елеуріген ат бой бермей қарысып, кері шегінбеді, қайта ілгері қарай ұмтыла түсті. Бір кезде Сүлеймен атты зорға деп орнына әкеліп, пастромкені түйіп тастамақ та боп еді, онысынан ештеңе шықпады. Өйткені қос қабаттап қайып тастаған қалың пастромкені түйіп жалғаған жайда, ол қысқарып аттың тірсегіне дөңгелектің тоғыны соғып жүргізбеу қаупін туғызды. Атшы енді не істеу керек екенін ойлап сәл уақыт кідіріп қалды да, жалма-жан шыбыртқыға жармасты. Иесінің ебедейсіз қимылынан белең ап тұрған ат шыбыртқыны көре сала тағы да ілгері ұмтылып кетіп, енді кері шегінбей әлекке салды.

— Так, так! Тентек болма, шырағым, ақылың бар қайуансың ғой, мен сені ұрмаймын, оны түсін. Тентектікті қой, пастромкенді жалғат та, тез мына батпақтан алып шық. Ұят емес пе, тапа-тал түсте аядай судан алып шыға

алмай тұрып қалғаның! Ім, бәсе, шегін, шегін! Түсіндің ғой менің не істейтінімді. Ім, бәсе, түсінерсің, түсінерсің. Әлде де кішкене шегіне түс, иә, иә. Көнді! Ой тентек қайуан, манадан бері сүйтсең етті, белкүллі,— деді ол.

Сөйтіп бұлар су ішінде біраз уақыт кідіріп те қалды. Тап осы кезде жеңіл трантасқа қамшыдай қатқан қызыл нар жегіп, жанына ірі боз атты бос байлаған бір жолшы жардан төмен түсе берді. Нақ су жағасына төнгенде бұл тосын жолаушы қайраң жолдың арнасына салмай, нарын батпаққа батып тұрғандарға туралай берді. Сүйтті де ол бұлардың мүшкіл халін көре сала:

— Мына сияқты білектей пар атпен торғайдың тобығынан келмейтін суға батпақтап жатқаныңа қарағанда, сен, қара қалпақты, бал беріп асыраса да адам болмайтын бір көбдік шығарсың, сірә? Күн жаумай жаурап жүретін Қара моланың түбіндегі жұмықтарша¹ көрдің бе өзінің қоянның көжегіндей күржеңдеуін, ұмтылт, жетекте тәртені! Кәне, тез! — деп, нарлы Сүлейменге жекіріп қалды да, өзі жанамалап келіп күлеш ағашты арбада отырған күйі сол қолымен ұстай алып, оң қолымен нар делбесін қағып жіберді. Қызыл нар маңқ етіп жүрісін ірікпестен ілгері жылжи түсті де, арба үстінен қол созып күлеш ағашты берік ұстаған нар иесі сүйрік тартқан адамдай, фаэтонды батпақтан суыра сүйрей жөнелді. Арбаның бір жағын еңсере тартып жүгін жеңілдеткен қара көк ат та нарлының қатарынан қалмай ұмтыла берді, ат тізгінін Сүлеймен де босатпай омбалап жетектеп, ә дегенше-ақ ені қырық-елу қадам өзеннің арғы тепсең жағасына шыға келді. Мұнан кейін нарлы бөгелместен үлкен жолдың арнасына түсіп, артына мойын бұрды да:

— Жол болсын, мырзалар! Нашар делбешілеріңнің кесірінен су үстінде кездесіп, сәлемдесуге де жөні келмей қалды,— деді самарқау ғана.

Сөйтті де ол жалма-жан мәсінің қоншынан үлкен қара мүйіз шақшаны суырып алып, тырнақты тез толтырып, оң жақ танауына жақындата түсті де, екінші рет толтырып сол жақ танауын саласымен сүйкеп өткендей болды. Сонымен бірге қалың қабақтың астынан түйілген жіті көзі Хакімді, оның қасындағы Әлібекті, ат пен арбаны тұтас шолып өтті. Оның насыбай атуы да, қарауы

¹ Ру аты.

да Хакімге оғаштығымен бірге таныс әдет, тіпті жуырда ғана кездескен адамның әдеті сияқты болып кетті. Қапелімде ол қалай жауап қатуды да білмей тек қана:

— Әлэй болсын, отағасы. Мына бір аттың үркектігі тепсеңнен бұрып әкетіп, батпаққа ұрындырғаны...— деді. Және Хакімнің көзі нарлыдан бір керегін іздегендей оның өнбойын тінте, арба көлігін ақтара қалды. Ақтарған сайын бұл адамның таныстығы, бұрын бір жерде кездескені айқындала бергендей болды.

...Басына ақ киіз қалпақ, үстіне кең түйе жүн шекпен киген. Арбаның қалқанынан ірі кеудесінің едәуір жоғары тұрғанына қарағанда бойы өте ұзын болуы керек. Жүзі сол... таныс жүз: атжақты, қарақұс қабақты, имек мұрынды. Анау арбаны сүйрескен ұзын қардың білезігі де ботаның сирағындай, алыстан тартатын желді танауға насыбай апарған салалар да әрқайсысы кере қарыс, сынық сүйемнен. Ат тартып шығара алмайтын фазтонды майдан суырған қылшық құрым көрмегені — дәу перідей қуатты екеніне айғақ көрінді.

Бұл адамның кенеттен өткел басында пайда бола қалғаны да, ешкім сұрамай-ақ өз бетімен кие-жара жана-малап келіп, арбаны сүйресуі де, анау нары да, жанына бос байлаған ақ боз аты да, жуан дауысты үні де, түйеден түскендей өктем сөзі де еріксіз ойландырарлық...

— Отағасы, саған таудай тәңір жарылғасын, таудан да үлкен рахмет! Өзіңнің күшін де нардың күшіндей екен, белкүллі. Құдай біледі, күресе қалсаң жан шыдатпассың. Біздің Шайдолла болмаса, әй, сенің белінді ұстайтын қазақ табыла да бермес. Мені «жұмық» дедің-ау, отағасы. Мына сияқты қос қара көк аты бар, арбасында... арбасында емес, қасында хан Жаншадай пырқаролы бар сарқасқа жігіт жұмық болушы ма еді. Өзің дәу болғанмен адам танымайды екенсің ғой, мен кәдімгі Барқын Нарботаның баласы Сүлеймен деген жігіт болам. Өзің кімсің соншама жанды менсінбейтін,— деді Сүлеймен оған ірілік көрсетіп.

— Әкең нардың ботасы болса болған да шығар. Бірақ өзің күл басына шөгіп, кешке дейін тырқиып жататын жапырық атанша көрінесің. Сөзіңді қысқарт та, атыңды бапта, ана азаматтарды үйіне жеткіз. Менің жөнімді сұрап қайтесің, құда түспексің бе? Сенен басқа да мені

сырттан, құданы қарауылдаған кісіше, тосып жүргендер аз емес, бірақ менің киіт киуге зауқым жоқ,— деп нарлы адам Хакімге тесіле қарады.

Әлденеше жыл өтіп, жадында қалған бұлдыр суреттерді әбден көз алдына келтіре алмай, ой торына шырмалған Хакім де онан жүзін бұра алмай тұр еді, тосын жолаушының көзіне көзі ұшыраса кетті де, сол сәт екеуі де арбасқандай кірпік қақпастан біріне-бірі қадала қалды. «Сол! Ақметшенің керуен басы! Көп қызыл нарға оқ-дәрі тиеген ұзын қара кісі! Түнде керуен қолға түскенде жетектегі атымен жоқ болған жайсаң! Сол, сол! Анау нар жанына бос байланған ақ боз ат та со шығар» — деген қортындыға тірелді. Хакімнің аласұрған ойы кенеттен медеу тапқандай баяулап, ол жалма-жан інісіне қарап еді, Әлібек нарлының сөзіне ұйып қалыпты, ерні жыбырлап: «Сөзі де өзі сияқты тоқпақтап төпеп тұр. Адай емес пе екен өзі? Заманның бір батыры ғой мынау! Насыбай атқан түрін қара: сойқан ғой жаным-ау», — деп күбірледі де, жалт қараған ағасынан:

— Кім екен өзі, сары аға, сен танымайсың ба? — деді. Хакім үндемеді. Ол көмейіне келген сөзді сыртқа шығармай әдейі іркіп қалды, тура-ақ болжаған пікірін жарыққа шығарып нарлының кім екенін жариялауға әлі ертерек болар деп бөгелді.

Хакімнің көзінен көзін шапшаң бұрып алып, нарлы жолаушы арба үстінде жөнделіңкіреп отырды да:

— Хайыр, мырзалар. Жол ақысы — жүрмек, көз ақысы — көрмек деген бар. Тоқтауға реті жоқ, әйтпесе жол үсті және өткел аузы емес, төрде бағланның басын мүжіп отырып сұхбаттасатын-ақ жігіттер екенсіңдер. Иә, иә, солай екенсіңдер, — деп делбесін қағып жіберді.

Қызыл нар су ішіндегідей тағы да иесінің делбе қаққанына жай ғана «маңқ» етіп жауап беріп, екі көзі жау-таңдап, оң мен солына кезек қарап қойып, желе жөнелді.

2

Кешікпей бұлар қызыл нарлыны басып озды.

Деңінен асып бара жатқан Хакім оның бетіне тағы да қадала қарап өтті. Оның байқағыш көзі нарлы жолаушының сырт пішініндегі көзге түсерлік белгілері мен аткөлігінің үстін қалдырмай сүзіп шықты.

«Арбадағы еңгезердей атжақты қара баяғыда көрген

сылбыр керуеншім емес — етек-жеңін кең жайып бейғам отырған шаруаға ұқсамайды: аңдысып көз тастап, алыса кететін жанша әрі ызғарлы, әрі омырып тастарлық о жар пішінмен қарайды».

Қызыл нардың тер қатқан қатыңқы қабағы мен сауырынан жоғары өркештің етегіне шапқан ақ сортаң тердің ізі жатыр. «Күндіз-түні жол үстінде жүрмін, көптен иық ағашым алынған жоқ, көрдің бе, қомымды таңбалап тастағанын» деп тұрғандай. Мұны қамшыдай қатып қалған жарау пішіні де әбден дәлелдеп жатыр. Жеккені қалқанды жеңіл трантас. Хакім орнынан сәл ғана көтеріле түсіп, оның трантасының ішіне де көз тастап өтті: ұзыннан төсеген бөстек сияқты бір төсеніштің астынан білеуленген зат көзіне шалынды, бірақ оны айырып қалуға уақыт жетпеді, сары желіспен келе жатқан аттар деңнен тез өтіп кетті де, делбешісіне «ат басын теже!» деп айта алмады. «Бұл малғұнның қаруы шығар ана жатқан. Қарусыз жүруге тиісті емес қой. Жоқ, мұның қаруы жалғыз да болмас. Кім біледі ана кең шекпенінің ішінде не жатқанын» деп ойлады ол. Мүшелік жер сары аяңмен жүріп келіп, бірер шақырым жолды желіп алумен өндіріп келе жатқан қызыл нар аздаң кейін артта қалды. Өзен бойынан ұзаған сайын жол да қуқылдана бастады, енді бір сәт жүріп, кейінгі жаққа мойнын бұрған Хакімге ақшаңылтақтана бастаған жолдың тұнба майда шаңын бүркенген нардың қомынан жоғары жағы мен басы ғана бұлдырап бірден-бірге алыстай берді.

Қыр көрінісін әсірелей сөйлеп, тіпті көзіне түскен нәрсе-нің тек қана сәулетті жағын іздеумен келе жатқан Әлібек енді мына нарлығы көшті. Ол қасындағы Хакімнің ойын бөліп жіберді.

— «Салтанатқа салпы ерін нар жегіп, салқамдар жүйріктен өзге мінбеген» дейтін нағыз жалпақ даланың жампоз қазағы екен әлгі. Түрін байқадыңыз ба: нағыз бір туған қаранар! Мен тіпті оны ойыншығын көтерген баладай, бізді фазтонымызбен қоса көтеріп жағаға шығарып қоя салады екен деп ойламап едім. Ой, шіркіннің күшін-ай! Денесі де күш бітерлік дене ғой! Сақалына қарай іскегі, шақшасының өзі де анау-мынау қонышқа сиятын емес, кіші-гірім лақадай бар екен. Сүлеке, сен оның насыбайды қалай атқанын байқадың ба? Ойбай, сұмдық! Оның тырнағындағы насыбайының өзі менің қос уысыма шақ сиярлық. Ал ол танауына жүк та бол-

ған жоқ қой деймін, ең болмаса бір рет те түшкірген жоқ-ау, шіркін! Отты тигізбей тартып кететін үлкен пештің көмейі сияқты, анадайдан үйіріп алды да кетті. Осыны да шымшып-шымшып насыбай атты дер ме екен біреулер?! Қол ше, қол! Қол деп әне осыны айт — сырықтай ма деп қалдым, өйткені өз арбасының алдында отырып бір даладағы тұрған фэтонды ат-матымен дырылдатып сүйреп барады! Сүлеке, шынымен танымайсың ба? Мына сияқты адамды бір көрмегенің ғажап екен, — деді студент, өте-мөте желпіне сөйлеп.

— Қарағым-ау, мен Кіші жүзді басынан аяғына дейін аралап шықты дейсің бе, соншама. Сонау Қаракөл мен Қарабау, сонау Үйшік маңайын жайлаған үш Сиықтың бір перзенті шығар. Адырайған неме, Адай болса да ғажап емес. Бірақ ол жақ арба жекпейді деуші еді, мынауың арба жекпек түгіл, бір жеті жол үстінде жүрген жортуылшы ма деп қалдым: түйесі жарау, аты ащы терсіз көрінеді, — деді де, Сүлеймен арт жағына қарап қойып: — сөзінің түрін көрдің бе, толайым, ұрып-жығып кетейін деп тұрған адамның сөзі. «Құда түспексің бе, аты-жөнімді қайтесің?» деп жекіреді және немене деді, «киіт киюге зауқым жоқ» дей ме, а? Мінезі сойылды содырдың мінезі. Қарсы келсең оллаһи ұрып жығудан да тайынбас. Мені жұмық деп кемітеді...

— Жұмық дегені ештеме емес, күл басына шөгіп алып, тырқып жататын атанша көрінесің дейді. Тілі қандай, тоқпақтай, — деп күлді Әлібек. Сүлеймен оның сөзін жөндеп бақты.

— Мен Нарботаның баласымын дегенсін айтқаны ғой, атан деп. Атаншаның нарға тұрарлығы да болады, онымен кеміте алмайды. Мен де оны бақырауық қара нар деп айта аламын.

— Аты-жөнін білмесем де, бұл адамның Ақметшенікі екенін мен әлдеқашан танығанмын. Оған аттай он жыл өтті... Ол күнде бұ кісі керуенші еді, Ақметшенің керуенін басқарушы еді, тап осы сияқты өңкей қызыл нарларға пургон жегіп, Жымпиты үкіметінің Оралдан қару-жарағын тиіп жеткізіп беруші еді. Бірақ мен оның атақты Құныскерей екенін білген жоқ едім... — Сөзін аяқтамай Хакім Әлібекке жалт қарады. Әлібектің түсі құп-қу болып кетті. Сүлеймен:

— Қой, байғұс! Әлгі нарлы... Құныскерей?.. Атақты Құныскерей? Хакімжан, шын айтамысың? — деді шошып.

Ол жалма-жан оқыс бұрылып артта, алыста қалған қызыл нарлыға қарай қадалып қалды. Бірақ қызыл нарлы белестен әрі, көзден тасаланып қалып еді, мойнын бұрып тағы да көз жіберген Хакімге де, үрейлі пішінмен іздеген Сүлейменге де көрінбеді.

— Сол! Түрі, түсі, жүрісі, аты, бәрі — сонікі. Сендер бірақ, сыр бермеңдер. Ешнәрсе білмеген болыңдар. Мен әбден байқайын, мүмкін ол ат шалдырған жерде тағы да кездесер.

— Қой, байғұс, мен нанарымды да, нанбасымды да білмей келе жатырмын, Хакімжан. Сен оны әбден байқайын дейсің, малғұн, өлтіріп кетер ол бас салып. Абзалы, біздің кездеспегеніміз мақұл болар. Белкүллі, сол болып шықса қатер. Мен қорқып келе жатырмын... Қорыққан жоқпын-ау, қатер жасар деп сескеніп келе жатырмын. Ойбай-ау, ойыншық емес қой, бүтін губерна, бүтін әскер қуып қолына түсіре алмай жүрген жоқ па?

— Қой, Сүлеке, өлтіре салатын немене, басқа кісінің жаны жоқ деп ойлайсың ба, кездескен жерде қисая кететін. Жұрт әншейін айта береді асырып, қорқатын ешнәрсе жоқ... Бүтін губерна қуғанын қайдан есіттің?

— Ойбай, қарағым-ау, жұрт осы күні қыбырлағанның бәрін естиді. Былтыр құмда, Адай бетте, қолға түсіре алмай қайтып келіпті ғой. Елу әскер бір ай қуып, аяғында ұстаған жерде айрылып қалыпты. Ондай жүрегінің жүні бар адамды адам батып ұстай алар ма? Ұстауға келтіре ме, ұшып бара жатқан қарғаны қара тұмсықтан атып түсіретін қу жебелі сұр мергенді. Құдай оның бетін аулақ қылсын де... Әй, бәсе, қимылы жаман еді-ау, иттің...

Сүлеймен тағы да арт жаққа көз тастады.

— Тегін адам емес екенін мен бірден-ақ оның түрінен байқап едім, бәсе, қимылы бөлек еді. Дегенмен мен оның жүретін жолы, жүретін емес, жортатын жолы жықпыл-жықпыл жыралар мен тобылғысы ат бойы тау бөктері шығар деуші едім. Ал қонақтайтын жері қарақұсы қасқая қонып отыратын атам заманғы құлап қалған қара қорғандар, иә болмаса сары бұйра құмның қазан шұңғылды қия түбі деп түсінуші ем. Бірақ ол кімнен қорықсын. Арба үстінде түк білмеген жанша бұғып отырып, айналасындағы отыз-қырық шақырым жердегі қарсы қимылдаған адамды бүркітше жалт қарап көзімен бірақ шалатын шығар. Сонсоң арғы жағы белгілі ғой: жа-

рау қызыл нардың өзі де желіп кеткенде анау-мынау атты ілестірмейтін болар. Оның үстіне анау бота тірсек боз ат нардың қабырғасында бос байлаулы. Бәсе, бәсе. Тегін адам емес екеніне менің шәгім жоқ. Құныс, Құныс болмаса сондай бір жойқын жортуылшы. Сөз жоқ, даланың Робин Гуды,— деді Әлібек.

Оның әлгінде ғана қуқылдана түскен жұқа жүзіне қыза сөйлеген сөзбен бірге қызыл шырай ойнап кетті де, көздері жайнаңдай қалды.

— Ойпырмай, шынымен сол Құныс дейсіңдер ме? Сол болса, онда бұл маскара ғой! Қауіп қой, жол жүруге қауіп қой! Менің зәремді алдың сен, Хакімжан.

— Зәрең кететін ешнәрсе жоқ, Сүлеке. Ол қарадан қарап жүріп адамға ұрынбайды, соңына түскендерге өшігеді. Кім біледі... осы жөнінде арам ойы болмаса...— деп Хакім сөзін тауыспай, тамағын кенеп бөгеліп қалды.

— Біздің кім екенімізді ол білмейтін шығар? — деп сұрады Әлібек ағасынан. «Соңынан түскендерге өшігеді» деген сөзді «прокурор, сот, тергеушілерге қас екен ғой» деп ойлап.

— Мен оны бұрын көргенмен, ол мені көрмеген шығар.

— Бағана, Сүлекең: «қасында Жаншадай прокуроры бар адам жұмық бола ма» деп салды ғой, сонан сезбесе?

— Қара басқанда мен солай дедім бе? Әй, мені де ұрып өлтіретін кісі жоқ-ау, сірә. Рас, рас, сөйледім білем. Әй, қара басқанда құдай тілден жаздырады ғой! Әй, мені де ұрып өлтіретін кісі жоқ-ау, сірә. Мықтылық көрсету неге керек еді, мүләйімсіп «жұмық» бола қоймай. Құдай жұпжуас жұмық-ақ қылып жаратпаған екен...

— Батырды қара, састы! — деп күлді Хакім, Сүлейменді кекетіп.—Тал түсте жалғыз адам өзіндей үш кісіні тақымына басып әкетпекші ме? Сонда біз кім болғанымыз, Сүлеке, бөрікпен соғып алатын, кәдімгі қармаққа шаншатын сары шегіртке болдық па?

— Ойбай-ау, бүтін жұртқа, қыруар әскерге болмаған адам бізді бұйым көре ме? Малғұнның тек жолын аулақ қылсын.

— Жолы аулақ емес, біздің жолмен айқасып-ақ қалды. Ана қырдың астында келе жатыр ғой. Не ойлап келе жатыр екен өзі. Біз сияқты ол да кім екенімізді болжап келе ме, кім білсін,— деп Әлібек Сүлейменнің үрейін ұшыра түсті.

Қасындағы екеуінің күдігін сейілту үшін Хакім Құныскерей жөніндегі халық арасына таралып кеткен лақапты артық айтылған семіз сөздерден арши бастады.

— Құныскерейді ұстауға шыққан адамдардың саны елу де емес, қырық та емес және ол әскер тәртібіне жетік солдаттар да емес. Мұны жұрт әншейін сырлап айтады, шектен тыс асырып жібереді. Оны ұстауға шыққан кәдімгі өзіміздің ана жылғы Ащысай болысында милиционер болып жүрген Әжіғали. Қазір Әжіғали уездік милиция бөлімінде аға сақшы. Әрине, Әжіғали орны келген жерде асырыңқырап айтатын мінезден де құр алақан емес. Дегенмен өзі қайратты және аса өткір жігіт, көп адамның қолынан келмейтін істі оп-оңай орындай салу оған кейде бұйым да болмай шығады. Оның осындай жақтарын еске алып біз Құныскерейдің елдегі байланысын ашуды, соңына түсіп жүріп, бұл қашқынды қолға түсіруді тапсырғанбыз. Ол бір ай бойы жансыз болып, іздестіре келе Құныстың қайда барып, қайда жүргенін ашқан. Бірақ елде оның сыбыршысы аз емес, тіпті астас, амалдастары да бар. Осылардың бірі Әжіғалиды танып қалып оның жәй жүрмегенін, Құныстың ізіне түсіп жүргенін сезген. Осыдан кейін бұл аты шулы қашқын соғып кететін жерлеріне соқпай, ала жаздай бір көрінбей қойған. Қызылқоға жаққа, Қаратөбеден әрі құм арасына сіңіп кеткен. Бұл енді ел ішінен аңдуды қойып, құмнан іздеуге шыққан. Әрине, Әжіғали да жалғыз емес, елден алған оның да басшылары мен қосшылары болған. Кәдімгі аңға шыққан адамдардай бұғып, кейде жаяулап «осы мандасың-ау» деген жерлерді тінткілей береді. Не керек, сөйтіп жүріп бір күні үстінен шығады.

— Иә, менің естігенім басқарақ.

— Сонсоң. О дәу пері-ай, құм арасында жатқан ғой... Сүлеймен бір қырындап отырып козладан еңкейіп тыңдады.

— Рас болса жатқан жері елден жиырма бес-отыз шақырымдай жер екен. Күндіз құмда болып, түнде ел табанына келіп қона-түстеніп жүрген көрінеді. Жатқан жері шұп-шұңғыл бір ойпаң Итшағыл дейтін жер екен, дейді. Айналасы жан сирек басатын қарталанған сары құм көрінеді. Бұлар әнтектік еткен. Алдымен өзін ұстауға ұмтылмай, атын ұстап алу керек еді. Оның аты сол төңеректе, ол да бір ойпаңда оттап тұрды ғой. Өзін көргеннен кейін атты есіне де алмаған. Қалайда тек бас са-

лып ұстау әрекетімен болған. Және қайтып ұстамақшы болған десейші? Құныс түйе жүн шекпенінің жағасын көтеріп, бетін күннен көлкештеп қойып, шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр дейді. Әжіғали айтады: «Жұмыс бітті, ғайыптан тайып кетпесе, атқа жайдақ мінгізіп, екі аяғын салақтатып, құмнан соққан арлан қасқырдай тісін ақситып, ауылға айдап барамын ғой-ақ деп ойлап ем, қайтесің ақымақтық жасадым, жерсоқтырып кетті!» дейді.

— Әрине, жер соқтырмағанда! — деп Әлібек Хакімнің аузынан шыққан келесі сөзді қағып алатындай ентелей түсіп тоқтады.

— Қайтып жер соқтырмасын? Ұйықтап жатқан адамды бас салып байлап алудың орнына айқайлап оятыпты. Кәдімгі баяғының батырларыңша, қапы қалмасын деп тұр-тұрлап айқай салған ғой. Әрине, оянған күнде де бұлардың бір адамға әлі келерлік еді, өйткені бір қора жан: екі аға милиционер, үш кіші сақшы және оның үстіне волисполкомның екі мықты шабарманы бар, соңғы екеуінің қолында құс мылтық болғанмен, ана бесеуінің қаруы нағыз қару ғой. Күш бұлар жағында, ептеп айлалап амал еткенде, тырп еткізбеуге болатын еді. Ұйықтап жатқан адамды ұстай алмады деген не сұмдық. Мұнан кейін жұрт не демесін: «Құныскерейдің аруағы бар екен, ұйықтап жатқанда үстінде көлегейлеп тұрады екен, тұрса басында, отырса қасында күзетіп тұрады екен, қарсы келген адамды пысы басып қол көтертпейді екен» әңгіме жайылып кетті, — деп Хакім риза болмаған пішінмен қолын бір сілтеп қойды да, арт жағына қарады.

— Иә, онан кейін қалай болыпты?

— ...Онан кейін қалай болушы еді, — деді Хакім бұрылып жайласыңқырап отырып, — әлгі талайды көрген кү мүйіз, сүзеген бұқаша айналасындағыларды бір жайпап тастап, өз жөнімен кете барған. Мұндай тар жерде аспай-саспай қимылдау әдісін ол жақсы біледі ғой және алдарқатып айлалап құтылып кетуге қандай шебер десейші! Өзі де сергек жатқан болу керек, айқай шығаршықпастан-ақ басын жерден жұлып алыпты. Сөйтіпті де, қоршалап алған қарулы адамдарды көргеннен кейін бір шынтақтап тағы да қисая кетіпті. «Е, өздерің бе әйтеуір, келіп тұрған өздерің болсаңдар болғаны! Шегір көз орыс пен шақша бас татар келмесе болды. Көптен бері кездестіре алмай жүргенім осы өздерің. Қайда